ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 желтоқсан № 5165-25-00-2/3498 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И. Оңласов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Аружан Әсілбайқызы Сатым

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Төленген соманы өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Аружан Әсілбайқызы Сатым мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Аружан Әсілбайқызы Сатымнан «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 581 714,12 (бес жүз сексен бір мың жеті жүз он төрт) теңге 12 тиын төленген сома және 17 451,40 (он жеті мың төрт жүз елу бір) теңге 40 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Дара кәсіпкер Аружан Әсілбайқызы Сатымнан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 19.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.01.2026, судья Оңласов М.И., 26.01.2026
5165-25-3-1/3478

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 19.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.01.2026, судья Оңласов М.И., 26.01.2026

5165-25-3-1/3478